

Түркістан облысының білім басқармасының Сауран ауданының білім берлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Бұйрық.

Ескі Сауран

4.09.2023жыл

№ 4

Мектепте діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу талаптарын орындау туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен бекітілген «білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды» үйімдастыру мақсатында БҰЙЫРДАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен бекітілген «білім беру объектілерін терроризмге қарсы қорғауды» үйімдастыруды талаптарын орындауға жауапты болып тәрбие ісі орынбасары у.м.а Исабеова Патимаға бекітілсін.
2. Жасөспірімдер, мектеп оқушылары арасында саяси ұлттық экстремистік іс-әрекеттерінің алдын алу, сақтандыру мақсатында, діни экстремизм мен терроризмді алдын алу іс-шара жоспары жасалынын.
3. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, іс-шараларын үйімдастыру тарих пәні мұғалімі А.Жұсіпбековаға тапсырылсын.
4. Білім беру объектісін терроризмге қарсы қорғауды үйімдастыру мақсатында орнатылған бейнекамераларды күнделікті бақылат отыру жауапкершілігі тәрбие ісі орынбасары у.м.а Исабеова Патимаға бекітілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі орынбасары у.м.а Исабеова Патимаға жүктелсін.

Мектеп директоры

К.Дүйсенбеков





Бекітемін

Мектеп директоры

К. Дүйсенбеков

2023-2024 оқу жылына арналған «Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұлттық құндылықтарды насиҳаттау және құқық бұзушылық «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, діни толеранттылықты насиҳаттау» мақсатында жүргізлетін жұмыстың іс-шара жоспары

| № | Іс-шаралар атауы | Мерзімі | Жауаптылар |
|----|---|---------------|--------------------------------------|
| 1 | Ұлттық құндылықтарды насиҳаттау және құқық бұзушылық, «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, діни толеранттылықты насиҳаттау» мақсатында іс-шаралар жоспарын күрыш бекіту | Қыркүйек | TDKO у.м.а П.Исабекова |
| 2 | ҚР-ның дәни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңын оқушыларға таныстыру 9-11 сыныптар | Қазан | Дінтану пәнінің мұғалімі К.Досыбаева |
| 3 | Дінтану сабактарының сапасын бақылау | Оқу жылы бойы | TDKO у.м.а П.Исабекова |
| 4 | «Оқушылардың діни көзқарасын анықтау» мақсатында орта және жоғары сынып оқушыларымен ата-аналар арасында сауалнама жүргізіп, нәтижесін қалалық ішкі саясат бөліміне жолдау 9-11 сыныптар | Қазан | Мектеп педагог-психологі С.Джусупова |
| 5 | Мектеп ішінде оқушылардың киімі туралы ереженің сакталуын қадағалау. 1-11 сыныптар | үнемі | 1-11 сынып жетекшілері |
| 6 | «Терроризм-ғасыр қаупі», «Әлемдік діндер», «Тарих және заман», «Ислам мәдениеті» және т.б. сынып сафаттары. 9-11 сыныптар | Оқу жылына | 9-11 сынып жетекшілері |
| 7 | Құқық бұзушылықтар мәндіні экстремизмнің алдын алу, « Балаға күйзеліс жағдайында психологиялық қолдау көрсету», «Заң және жауапкершілік» тақырыбында ата-аналар жинальсын өткізу. 9-11 сыныптар | Тоқсан сайын | TDKO у.м.а П.Исабекова |
| 8 | Діни ұйымдарға баратын оқушылар туралы мониторинг жүргізіп, нәтижесін қалалық ішкі саясат бөліміне жолдау | Үнемі | TDKO у.м.а П.Исабекова |
| 9 | Керағар діни ағымдардың алдын алу және діни толеранттылықты насиҳаттау мақсатында барлық жоғары сыныптарда теолог маманмен кездесу ұйымдастыру. 9-11 сыныптар | Қараша | TDKO у.м.а П.Исабекова |
| 10 | «Дін-тәрбиенің рухани тірегі», «Адамгершіліктің бастауы-имандылық» тақырыбында оқушыларды мешіт өкілдерімен кездестіру. 9-11 сыныптар | Желтоқсан | TDKO у.м.а П.Исабекова |

| | | | |
|----|--|--------|------------------------|
| | | | |
| 11 | «Адастырушы діни ағымдар» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу. 9-11 сыныптар | Қаңтар | 9-11 сынып жетекшілері |
| 12 | Ұлттық құндылықтарды насихаттау және құқық бұзушылық, «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, діни толеранттылықты насихаттау» мақсатында өткізілген іс шараларды әлеуметтік желіге жариялау. | Үнемі | ТДЖО у.м.а П.Исабекова |
| 13 | «Қауіпсіз интернет» апталығы әлеуметтік желіні дұрыс қолдану туралы тәрбие сағаттарын өткізу. 9-11 сыныптар | Қаңтар | ТДЖО у.м.а П.Исабекова |
| 14 | Шетелде діни білім алудың зияны туралы оқушыларға баяндама оку. 9-11 сыныптар | Наурыз | ТДЖО у.м.а П.Исабекова |
| 15 | Өткізілген іс-шаралардың хаттamasы мен суретін қалалық ішкі істер саясат және білім бөлімдеріне жолдау. | Үнемі | ТДЖО у.м.а П.Исабекова |

Дайындаған ТДЖО у.м.а П.Исабекова

**«Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж. жалпы орта мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде Терроризм актілерін жасау қаупі туындаған
кездегі террорға қарсы қорғалуын және іс-әрекеттерін қамтамасыз ету
бойынша мектеп басшыларына, персоналына өткізген
түсіндіруге арналған жиналыс
ХАТТАМАСЫ**

Ески Сауран ауылы

2023 жыл 11-қыркүйек

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі 6 адам,
мұғалімдер 28 адам,
кіші қызметкерлер 12 адам.

Жиналыс төрағасы
Хатшы

К.Дүйсенбеков
О.Сейітова

КҮН ТӘРТІБІ

**«Жасалған терроризм акті салдарынан туындаған техногендік
сипаттағы қауіптерді жою бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен
және ұйымдармен бірлескен әрекеттерді пысықтау бойынша түсіндіру
жұмыстары»**

Бірінші болып мектеп директоры К.Дүйсенбеков күн тәртібін түсіндіріп, келген қонақтарды таныстыруды. Саламатсыздар ма құрметті әріптерестер. Бұгінгі жиналысымыздың күн тәртібіндегі мәселе «Жасалған терроризм акті салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қауіптерді жою бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлескен әрекеттерді пысықтау бойынша түсіндіру жұмыстары» деп аталады.

Құрметті жиналған мектеп мұғалімдері және кіші қызметкерлер. Терроризм туралы білumen қатар, оның саяси – әлеуметтік құбылыс ретінде кез келген уақытта орын алғып жататыны белгілі. Біз терроризмге қандай сипаттама береміз?

- Терроризм – бейбіт адамдар мен түрлі нысандарға қарсы саяси мақсатты көздеңен түрлі топтар мен астыртын әрекет ететін агенттердің қоғамның көңіл-күйіне ықпал ету ойымен күш қолдануы деп анықтама берілген. Сондықтан мұның табиғаты курделі, тарихы теренде жатқан құбылыс деп түсінуге толық негіз бар.
– Жиналыстың мақсаты террористік тұрғыдан осал объектілердің қорғалуын қамтамасыз ету қажеттілігі болғандықтан тақырыпқа келсек...

– Террористік тұрғыдан осал объектілер дегеніміз – аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілер және стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, қауіпті өндірістік объектілер, адамдар көп жиналатын объектілер. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризме қарсы іс-қимыл туралы» № 416-І Заңының 10-3-бабында көрсетілгендей, меншік нысанына қарамастан, террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иеленушілері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары террористік әрекеттің алдын алу, сондай-ақ объектілерді терроризмнен қорғау және олардың қауіпсіздігін тиісті деңгейдесақтау мақсатында:

- тиісті өткізу режимін, объектілерге қойылатын талаптарға сәйкес оларды қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен жарақтауды қамтамасыз ету Төтенше жағдай дегеніміз – табигат немесе өндіріс апаттарының зардалтарын күнделікті қызыметпен, қаражатпен жоюға мүмкіндік бермейтін, ол үшін әдейі материалдық, техникалық, ақша қаражаттын және адам күшін талап ететін жағдай.

Қазақстан мемлектінің орналасқан жері – орасан зор, кең байтақ. Ол жерлерде табигат апаттының неше түрі: жер сілкіну, қар тасқыны, қатты жел, су тасқыны сияқты құбылыстар жі болып жатады.

Зілзала – бұл кенеттеген пайда болатын, халықтың қалыпты тірлігін күрт бұзатын, материалдық құндылықтарды үлкен шығынға ұшырататын, сондай-ақ адамдар мен хайуанаттардың өлім-жітімі болатын табигат құбылысы.

Әрбір зілзаланың өзіне тән физикалық қасиеті, пайда болу себебі, қозғаушы күші, сипаты мен даму сатысы, қоршаган ортаға өзіндік ықпал ету ерекшелігі бар.

Зілзала кез келген мемлекет үшін үлкен ауыртпашилық, келтірер залалы мол төтенше оқиға. Қазақстан Республикасы аумағында мынадай зілзаларап болуы мүмкін: жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, сырғыма, дауыл, су тасқыны, буырқасын, өрт.

Дүние жүзінде су тасқынына бүкіл зілзаланың 40 пайызы келеді екен, 20% – тропикалық циклондары, 15% -жер сілкінісіні, ал қалған 25% – зілзаланың басқа түрлері.

Экстремальдық жағдайға душар болған адам бірінші ретте сырт ортамен байланыс жасауға шара қолдануы керек. Оның құралдары: белгі зымырандары, от, факел жағу, қолдағы бар басқа да құрал-жабдықтарды пайдалану, айқайлау, ықсқыру және т.с.с.

Өндіріс орындарында төтенше жағдайға арналған арнайы белгі беру құралдары болады. Бұндай белгі беру құралдары шахталарда, кемелерде, су асты кемелерінде, үшқыштарда және т.с.с. болады. Сол сияқты, төтенше жағдайда дабыл беретін 01, 02, 03, 04 деген телефон нөмірлері бар.

Мысал ретінде жол жүріп келе жатқандағы ұшыраған экстремальдық жағдайдағы дабылдар ыңғайы келген әдіспен беріледі:

- айқаймен (ықсқырықпен);
- жарықпен (фонарь);
- қараңғы жерде ашық түсті (немесе керісінше) затты бұлғаумен;
- ашық күнде ақ түтін жіберу (отқа жасыл бұталарды, мүктерді тастаумен ақ түтінге қол жеткізуге болады);
- бұлтты, бұлыңғыр күні – қара түтін жіберу;

Тік ұшақтағы құтқарушыларға халықаралық кодты пайдалана отырып, дабыл белгілерін берген жөн. Мысалы, жогарыдан анық көрінетін жерге қолда бар заттармен – матаның кесіндісімен, киіммен, бұтақтармен, қарды талтап із салу арқылы, отың күлін пайдаланып – белгі беруге болады.

Дабыл берудің басқа да әдістері бар. Соның бірі айнаны пайдалану. Айнанан түсетін күннің жарығы электроника мен пиротехниканың нәтижесінен кем емес. Айнаның сәулесін биіктіктері ұшақтан 1,5 км-ден 24 км-ге дейін қашықтықтан көруге болады. Ендігі бір әдіс – ол радиобайланыс.

Радиобайланыс арқылы өзің туралы, апаттың түрі және дәрежесі жөнінде толық мәлімет бере аласың. Байланыстың осы түрін пайдаланғанда “КОСПАС-САРСАТ” халықаралық байланыс жүйесін спутниктер арқылы пайдалануға болады. Апатқа ұшырау дабылын спутниктер жер шарының кез-келген нүктесінен қабылданап, жақын арадағы құтқару станцияларына қас-қағым сәтте жеткізіп бере алады.

Апат болғандығы жөніндегі дабылды берген соң немесе оған дайындық жасап болған соң, паналайтын басспана тұрғызуды ойластыру қажет. Бірінші ретте, оны тұрғызуға қолда бар заттарды (парашют, мата кесіндісі, қаптайтын заттар) пайдаланады. Болмаса табиғи

заттардан тұрғызады. Экстремальды жағдайға тап болған кездегі баспана тұрғызуудың қажеттігі жаңбырдан, күшті желден, сұықтан, қайнаган ыстықтан қорғанумен айқындалады. Баспана тұрғызуға пайдаланатын әмбебап заттардың бірі – тент. Жерге белгілі бір бұрышпен орнатылған тент жаңбырдан ғана қорғап қоймайды, сонымен бірге оттың жылуын да сақтауға көмектеседі.

Суық уақытта жатын орынды от жаңып, қызыу қалған жерге салған жөн. Астына майда бұтқартармен құрғақ жапырақтар төсеген абзал. Егерде жерде түнеу қауіпті болса, жатын орынды ағаш басында орнатуға болады. Бүйрекке суық тигізбес үшін сыз жерде, қар үстінде жатуға мәжбүр болғанда, белді жылы киіммен орап тастаған жөн.

Қажет болғанда қауіпсіз баспана тұрғызған дұрыс. Ол үшін ыңғайлыш орын табу керек. Біріншіден, орын құрғақ, жан-жағы ашық болуы керек, су көзіне де жақын болғаны тәуір. Егер уақытша баспананы табиғи орыннан тапса (ағаштың қуысы, үңгір т.с.с), уақыт жағынан да, әл-күшті сақтауға да үлкен көмегі тиер еді. Үлкен ағаштағы қуыста баспана бола алады.

Сұрақ: ІІ.Алтынсарин мектебінің география пәні мұғалімі С.Сопбеков.
Төтенше жағдай болған кезде көмек сұрау үшін қандай номерлерге хабарласуға болады?

Жауап: Сол сияқты, төтенше жағдайда дабыл беретін 01, 02, 03, 04 деген телефон нөмірлері бар. Сол номерлерге хабарласу арқылы көмек сұрауыңызға болады.

Қаулы

1. Жасалған терроризм акті салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қауіптерді жою бойынша мұдделі мемлекеттік органдармен және үйымдармен бірлескен әрекеттерді пысықтау бойынша түсіндіру жұмыстары назарға алынып, пысықтау жұмыстары жүргізілсін.
2. Жиналыс барысында көрінген мәселелер бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Исабековата, және сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Жиналыс тәрағасы:  **К.Дүйсенбеков**

Хатшы:

О.Сейитова

**«Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Терроризм актілерін жасау қаупі
туындаған кездегі террорға қарсы қорғалуын және іс-әрекеттерін
қамтамасыз ету бойынша мектеп басшыларына, персоналына өткізген
түсіндіру сабағының
ХАТТАМАСЫ**

ЕскіСауран ауылы

2023 жыл 15 қыркүйек

Катысқандар:

Мектеп әкімшілігі 3 адам,
мұғалімдер 32 адам,
кіші қызметкерлер 11 адам
Өткізілген орны: АКТ залы

КҮН ТӘРТІБІ

- Объектінің террорға қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар туралы.
- Террористік көрініс жағдайында жеке күзет ұйымдарының қызметкерлерінің іс-қимылдары туралы.
- «Жарылғыш құрылғыға ұқсас заттарды анықтау бойынша ұсыныстар» туралы.
- «Жарылғыш құрылғыға ұқсас заттарды анықтаған кездегі іс-қимылдар» туралы.

Түсіндіру сабағында мектеп директоры Қ.Дүйсенбеков мектеп мұғалімдерімен кіші қызметкерлерге «Объектінің террорға қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар» және «Террористік көрініс жағдайында жеке күзет ұйымдарының қызметкерлерінің іс-қимылдары» тақырыбында түсіндірулерді бейне проектор және бейне жазбалар арқылы берді және мұғалімдер берген сұрақтарға жауаптар берді.

Түсіндіру сабағында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Исабекова мектеп мұғалімдерімен кіші қызметкерлерге «Жарылғыш құрылғыға ұқсас заттарды анықтау бойынша ұсыныстар» және «Жарылғыш құрылғыға ұқсас заттарды анықтаған кездегі іс-қимылдар» тақырыбында түсіндірулерді бейне проектор және бейне жазбалар арқылы берді және мұғалімдер берген сұрақтарға жауаптар берді.

Мектеп директоры

Қ.Дүйсенбеков

Хатшы

О.Сейітова



**«Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Терроризм актілерін жасау қаупі
туындаған кездегі террорға қарсы қорғалуын және іс-әрекеттерін
қамтамасыз ету бойынша мектеп басшыларына, персоналына өткізген
түсіндіру сабағының
ХАТТАМАСЫ**

ЕскiСауран ауылы
2023 жыл 17 қараша

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі 3 адам,
мұғалімдер 30 адам,
кіші қызметкерлер 13 адам.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Жарылғыш құрылғыға ұқсас жарылғыш құрылғыны немесе затты анықтау кезінде ұсынылатын эвакуациялау және қоршау аймақтары» туралы.
2. «Жарылыс кезіндегі сақтандыру шаралары» туралы.
3. «Телефон бойынша терроризм актілерін жасау қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар» туралы
4. «Террористік сипаттағы қаупі бар телефондық хабарламаны қабылдау ережесі» туралы

Түсіндіру сабағында мектеп директоры К.Дүйсенбеков мектеп мұғалімдерімен кіші қызметкерлерге «Жарылғыш құрылғыға ұқсас жарылғыш құрылғыны немесе затты анықтау кезінде ұсынылатын эвакуациялау және қоршау аймақтары» және «Жарылыс кезіндегі сақтандыру шаралары» тақырыбында түсіндірулерді бейне проектор және бейне жазбалар арқылы берді және мұғалімдер берген сұрақтарға жауаптар берді.

Түсіндіру сабағында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары П.Исабекова мектеп мұғалімдерімен кіші қызметкерлерге «Телефон бойынша терроризм актілерін жасау қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар» және «Террористік сипаттағы қаупі бар телефондық хабарламаны қабылдау ережесі» түсіндірулерді бейне проектор және бейне жазбалар арқылы берді және мұғалімдер берген сұрақтарға жауаптар берді.

Мектеп директоры

К.Дүйсенбеков

Хатшы

О.Сейітова



**««Ы.Алтынсарин атындағы ш.ж.жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Терроризм актілерін жасау қаупі
туындаған кездегі террорға қарсы қорғалуын және іс-әрекеттерін
қамтамасыз ету бойынша мектеп басшыларына, персоналына өткізген
түсіндіру сабағының
ХАТТАМАСЫ**

Ескі Сауран ауылы

2024 жыл 13 қаңтар

Катысқандар:

Мектеп әкімшілігі 6 адам,
мұғалімдер 28 адам,
кіші қызметкерлер 9 адам.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Телефон бойынша терроризм актілерін жасау қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар» туралы
2. «Террористік сипаттағы қаупі бар телефондық хабарламаны қабылдау ережесі» туралы
3. «Террористер адамдарды кепілдікке алған кездегі іс-қимылдар» туралы
4. «Атыс туындаған кездегі іс-қимылдар және қауіпсіздік шаралары» туралы

Түсіндіру сабағында мектеп директоры К.Дүйсенбеков мектеп мұғалімдерімен кіші қызметкерлерге «Телефон бойынша терроризм актілерін жасау қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар» және «Террористік сипаттағы қаупі бар телефондық хабарламаны қабылдау ережесі» тақырыбында түсіндірулерді бейне проектор және бейне жазбалар арқылы берді және мұғалімдер берген сұрақтарға жауаптар берді.

Түсіндіру сабағында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Низабекова мектеп мұғалімдерімен кіші қызметкерлерге «Террористер адамдарды кепілдікке алған кездегі іс-қимылдар» және «Атыс туындаған кездегі іс-қимылдар және қауіпсіздік шаралары» тақырыбында түсіндірулерді бейне проектор және бейне жазбалар арқылы берді және мұғалімдер берген сұрақтарға жауаптар берді.

Мектеп директоры

Хатшы

К.Дүйсенбеков

О.Сейітова



Экстремизм мен терроризмге қарсы құрес заман талабы

Экстремизм мен терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асырудың түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм терроризммен тығыз байланыста.

Оның ішінде діни экстремизмнің орны бөлек. Діни экстремизм көп жағдайда саясатпен бірігіп, қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған және ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін құрал. Әлемде болып жатқан жағдайлар қазіргі кезеңде қоғамға тек жай экстремизм ғана емес, әсіресе діни экстремизм өте үлкен қауіп төндіретінін көрсетіп отыр. Оның экстремизмнің басқа түрлерінен айырмашылығы, мемлекеттік құрылымдарды күшпен өзгертуге және билікті жаулап алуға, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуга қарсы адамдардың діни ілімдері мен символдарын маңызды фактор ретінде пайдалана отырып, сенім мен діни наным үшін аяусыз құресуге бағытталады.

Қазіргі таңда, «терроризм» мәнінің әмбебап анықтамасы жоқ. Барлығына мәлім, терроризм экстремизммен тығыз байланысты, яғни, экстремизм терроризмнің бір бөлігі болып табылады. Демек, «экстремизм» тұжырымдамасын алдын-ала қарастырмай, «терроризм» ұғымының мәнін ашу мүмкін емес.

Жалпы термин ретінде «экстремизм» қазіргі заманғы саясаттың белсенді айналымына жиырмасыншы ғасырдың

екінші жартысында ғана енгізілді. 2003 жылы ЕКПА (Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы) анықтағандай, «экстремизм» – бұл парламенттік демократия принциптерін тікелей немесе жанама түрде қабылдамайтын саяси қызметтің нысаны.

Экстремизм мен терроризмнің танытуы адам өмірінің жойылуына, инфракұрылымның, рухани, мәдени құндылықтардың жойылуына әкеледі. Бұл жағдайда көбінесе жазықсыз, кездейсоқ адамдар құрбан болады. Теориялық актілер адамдардың психикасына зиян келтіреді, оларды қорқытады. Сонымен қатар, терроризм экономикаға, өнеркәсіптік – сауда байланыстарына зиян келтіреді, елдегі жағдайды тұрақсыздандырады.

Адамдар бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүргісі келеді. Мемлекеттің дамуы үшін тұрақтылық пен ертеңгі күнге деген сенімділік қажет. Терроризм мен экстремизмге әлемдік қауымдастық қарсы тұр. Қазақстан да ерекшелік емес.

1999 жылдың шілдесінде «Терроризмге қарсы күрес туралы» Зан қабылданды. 2005 жылғы 18 ақпанда Қазақстанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Зан қабылданды. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мақсатында «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 және 2018-2022 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламалары бекітілді. 2023 жылғы 23 тамызда Астана қаласында Қазақстан Республикасы ҰҚҚ Төрағасы Е.Сағымбаевтың басшылығымен ҚР Терроризмге қарсы орталығының кезекті отырысы өтті. 2023-2025 жылдарға арналған экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың кешенді жоспарының іс-шараларын іске асыру бойынша сұрақтар талқыланды. Бұл құжат Мемлекеттік бағдарламаның логикалық жалғасы

болып табылады және еліміздің тұрақтылығына төнген жаңа қауіптер мен қатерлерге қарсы тұруға бағытталған.

Экстремизм мен терроризммен күрес күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі. Бір ғана адам немесе топ қана айналысатын дүние емес, қоғам болып ат салысатын күрделі мәселе. Экстремизмге қарсы тұратын руханият деп айтсақ артық болмас. Өскелен жас ұрпақта рухани тәрбие беріп, діни сауатын ашып, дәстүрлі дінімізben сусындастып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіндіре алып қана түбекейлі діни экстремизмнің де, терроризмнің де тамырына балта шаба аламыз.

Терроризм проблемасын шешудің күш қолдану әдістері террорлық актіні жасаудың нақты қаупін тек уақытша жоя алады. Қабылданатын мұндай шаралар әрқашан да толыққанды және тиімді бола бермейді. Негізгі тіректі терроризмге алғышарттарды, тарату себептерін бейтараптандыруға жасау қажет. Біздің ойымызша, экстремизм қауіптерін ескерту және алдын алу бойынша жұмыс жасаған кезде адамдардың әртүрлі діни сенімдерге төзімділік және бейбіт өмір сүру идеясын белсенді насихаттау болып табылады. Осылайша, ұлттық қауіпсіздік органдарына осы құқықты беру экстремистік және террористік құқық бұзушылықтар жасауға жағдайлар туғызатын іс-әрекеттерге жол бермеуге бағытталған болжамдалған нәтижелер мен мақсаттарға қол жеткізді.

Баяндаманы дайындаған:

ТІЖО: П.Исабекова